

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің кейбір мәселелері туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 мамырдағы N 143 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 мамырда N 2780 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 31 бабының 2 тармағына, «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» Қазақстан Республикасы 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы 3 бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қосымшаға келісті қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен мөлшерлері айқындалсын.

2. Қоса берілген Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу қағидасы бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімінің орынбасары С.Ө. Мұқановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданының әкімі *Қ. Қасенов*
«КЕЛІСІЛДІ»

Солтүстік Қазақстан облысының
ішкі істер департаменті *Аққайың*
ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы *А. Оспанов*

2014 ж. 11 мамыр

Аққайың ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 11 мамырдағы
№ 143 қаулысына
қосымша

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен мөлшерлері

1. Аққайың ауданы әкімінің Құрмет грамотасы.
2. 10 есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.
3. Бағасы 10 есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құнды сыйлық.

А қ қ а й ы ң а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 1 м а м ы р д а ғ ы
№ 1 4 3 қ а у л ы с ы н а
қосымша

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу қағидасы

Осы Қағида қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу тәртібін айқындайды.

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.
2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға «Солтүстік Қазақстан облысының ішкі істер департаменті Аққайың ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – СҚО ІД Аққайың ауданының ІБ) енгізеді.
3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.
4. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.
5. Ақшалай сыйақыны төлеу және құнды сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша СҚО ІД Аққайың ауданының ІБ бастығының бұйрығы шығарылады.
6. СҚО ІД Аққайың ауданының ІБ ақшалай сыйақыны төлеуді және бағалы сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.
7. Көтермелеулерді төлеуге қаражат облыстық бюджетте, Солтүстік Қазақстан облысының ішкі істер департаменті 252 003 «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу» бюджеттік бағдарламасымен көзделеді.
8. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Аққайың ауданы әкімінің Құрмет грамотасын, ақшалай сыйақы, бағалы сыйлықтар беруді СҚО ІД Аққайың ауданының ІБ салтанатты жағдайда жүзеге асырады.